

¹Кожирова С.Б.  ²Мұқашева А.Д. 

¹Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

²Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹²sbako@yandex.ru

ҚЫТАЙДЫҢ КӨРШІ ЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Аңдатпа. Мақалада Қытайдың көрші елдермен стратегиялық мақсаттары мен позициялары талданып, сыртқы саясатты жүргізудегі ерекшеліктері мен озық саяси принциптері зерттелді. Қытайдың Халықаралық аренадағы басты миссиясы-жер бетіндегі бейбітшілікті сақтау және жалпы дамуды қолдау. Ол әрқашан көршілермен бейбіт қатар өмір сүрудің жақтаушысы болды және бұл аспан асты елінің халықаралық қатынастарды құрудағы негізгі қағидасы іспетті. Мақаланың мақсаты – Қытайдың сыртқы елдермен және Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарын ынтымақтастықтың аса маңызды салалары бойынша, сондай-ақ екі елдің саяси және экономикалық күн тәртібінің ықпалын ескере отырып талдау. Мақалада «Бір белдеу – бір жол» Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекетаралық қарым-қатынастардың қазіргі құрылымын қалыптастырудағы бетбұрыс кезеңі болғаны айтылады. Еңбектің Қытайтану, Халықаралық қатынастар және саясаттану саласындағы зерттеушілер үшін практикалық маңызы жоғары. Мақаланың әдістемесі келесідей құрылған: зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдарға әдеби шолу жасалды. Атап айтқанда, екіжақты қарым-қатынастарды теориялық негіздеу үшін мемлекетшіл тұжырымдамаларды жиі қолданатын қытай авторларының, сондай-ақ Қытайдың геэкономиялық стратегиясын сыни тұрғыдан түсіну арқылы «Бір белдеу – бір жол» бастамасын бағалайтын ағылшын тілді авторлардың еңбектеріне талдау берілген. Мақалада саяси және экономикалық қатынастар құрылымындағы өзгерістер бойынша Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас кезеңдері жеке-жеке қарастырылады.

Кілт сөздер: Қытай Халық Республикасы, дипломатия, саяси принциптер, Қазақстан, «Бір белдеу – бір жол» бастамасы.

Кіріспе

Қытай-әлемдегі ең көне мемлекеттердің бірі. Қазіргі күнге дейін өзінің территориясы мен дәстүрін сақтап келе жатқан Қытайдың Халықаралық аренада өзіндік орны бар. Әлем бойынша ең ірі үш мемлекеттің (Қытай, Ресей, АҚШ) қатарына енетін Аспан асты елінің осы үштіктегі ұстанымы өте сенімді көрінеді. Конфуцийшілдікке негізделген ұлттың жалпы философиясы Қытайдың халықаралық қатынастарында өз ізін қалдырды. Қытайлық көзқарасқа сәйкес, халықаралық қатынастар әрқашан мемлекеттің ішкі саясатының бөлігі ретінде қарастырылады. Қытайдағы мемлекеттік идеяларының тағы бір ерекшелігі, олардың пікірінше, Аспан асты елінің соңы жоқ, ол бүкіл әлемді қамтиды. Сондықтан Қытай өзін белгілі бір жаһандық империя, “орталық мемлекет” деп санайды. Қытайдың сыртқы және ішкі саясатының негізі– Қытай центризміне бағытталған. Қытайдың көршілерімен ерекше қарым-қатынасы экономика мен мәдениетке байланысты орнатылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тақырыпты зерттеуде әдістемелік және теория негізіндегі тарихи зерттеу мен ғылыми талдаудың жалпы ғылымдық әдістері қолданылды. Оның ішінде жүйелі-құрылымдық талдаудың маңызы зор, ол қандай да бір дамып келе жатқан құбылысты қажетті құрылымы мен функционалдық маңызы бар белгілі жүйе ретінде қарауға мүмкіндік береді. Сонымен

қатар мақалада нақты-тарихи әдістер: мәселелі, салыстырмалы-тарихи, логикалық, мәселелі-хронологиялық және т.б. әдістер қолданылды. Мақаланы отандық тарих ғылымына тән тарихи, жан-жақтылық, объективті және басқа да дидактикалық, тарихи салыстырмалық және т.б. әдістер құрайды. Ал мақаладағы аталмыш мәселелерді зерттеуде жалпы ғылымдық синтездеумен қатар талдау, дедукция және индукция әдістері қолданылады. Зерттеу кезінде қытайлық, шетелдік зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектері мен мақалалары, түрлі саяси тұлғалар мен сарап-шылардың берген сұхбаттары мүмкіндігінше қолданылды.

Талқылау

Қытайдың сыртқы саясат тақырыбы Қытайда да, одан тыс жерлерде де ауқымды және жан-жақты зерттеудің тақырыбы болып табылады. Қытай әлемдік саясатта ықпалды рөлі бар ірі ел бола отырып, саясаттану, Халықаралық қатынастар, экономика, тарих және т.б. сияқты әртүрлі салалардағы зерттеушілердің назарын аударады.

Қытайдың сыртқы саясатын зерттеу көптеген тақырыптарды қамтиды, соның ішінде оның көрші елдермен қарым-қатынасы, әлемдік экономикалық және саяси процестерге әсері, стратегиялық амбициясы, аймақтық және Халықаралық ұйымдарға қатысуы және т.б. Бұл зерттеулер Қытайдың нақты саяси әрекеттері мен бастамаларын талдауға, сондай-ақ оның сыртқы саясатының кең тенденциялары мен стратегиялық мақсаттарына бағытталуы мүмкін.

Тақырып негізінен зерттелгенімен, Қытайдың әлемдік істердегі рөлінің қарқынды дамуына, үнемі өзгеріп отыратын геосаяси ортаға және қытайлық басымдықтар мен стратегиялардың эволюциясына байланысты ол әлі де белсенді зерттеу нысаны болып қала береді. Сонымен қатар, ақпарат пен аналитикалық ресурстарға қол жетімділік Қытайдың саяси жүйесінің ерекшеліктеріне және ақпаратты бақылауға байланысты шектеулі болуы мүмкін, бұл әрі қарай зерттеуге және ойлануға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Көрші елдермен дипломатия

Қытай Халық Республикасының көрші мемлекеттерге қатысты жаңа саясаты 2013 жылдың аяғында қалыптаса бастады. Қыркүйектің басында Си Цзиньпин Орталық Азияның төрт мемлекетін аралап, Астанада «Жібек жолындағы экономикалық белдеу» құру идеясын алға тартты. Қазан айының басында ол Малайзия мен Индонезияда болып, «XXI ғасырдағы Теңіз жібек жолын» салу идеясын айтты. 24 қазанда Бейжіңде көрші елдермен дипломатиялық жұмыс жөніндегі отырыс өтті, онда Қытайдың көршілеріне қатысты сыртқы саясатының жаңа екпіндері қойылды [1]. Соңғы кездегі барлық сыртқы саяси бастамаларды «бір белдеу, бір жол» («*и дай - и лу*») тұжырымдамасы біріктірді және ол Қытай Сыртқы істер министрлігінің де, бүкіл үгіт-насихат аппаратының да арсеналына кірді. Бүгінгі таңда дәл осы концепцияны ҚХР-дың жаңа геосаяси концепциясы ретінде қарастыруға болады.

Қытайдың көрші елдермен дипломатияның *стратегиялық мақсаты* келесіні қамтиды:

- «екі жүзжылдық мерейтой» міндеттерін және қытай ұлтының қайта жаңғыруы туралы арманын жүзеге асыру;
- көршілес елдермен қарым-қатынасты жан-жақты дамыту, тату көршілік пен достықты нығайту, өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдету;
- Қытай дамуының маңызды стратегиялық мүмкіндіктерін сақтау және пайдалану, ұлттық егемендікті, қауіпсіздік пен даму мүдделерін қорғау;
- көрші елдер мен Қытай арасындағы саяси қарым-қатынастарды достыққа айналдыруға, экономикалық байланыстарды нығайтуға, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге, гуманитарлық және мәдени алмасуларды тығыздауға күш салу.

Бұл жұмысты ретке келтіру үшін ішкі және сыртқы мүдделерді ұстанған жөн. Ішкі мүддеге «екі жүзжылдық мерейтойының» мақсатына жету және қытай ұлтының ұлы жаңғыруы туралы арманын жүзеге асыру жатады. Ал сыртқы мүдделер қатарынан Қытай тұрақтылығын мен дамуын сақтап, реформаларын жүргізу үшін сырттан қолайлы жағдай жасау, елдің ұлттық егемендігін, қауіпсіздігі пен даму мүдделерін қорғау, әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау және ортақ дамуға ықпалын келтіруді атап өтуге болады. Бұл міндетті жүзеге асыру стратегиясының негізі аймақ елдерімен өзара осалдықтың, өзара тәуелділіктің және өзара тиімділіктің тиімді тетіктерін құру болып табылады. Бұған қол жеткізу үшін ҚХР барлық дерлік салаларда, атап айтқанда, экономика, әскери-саяси, мәдени, білім беру және басқа салаларда аймақ елдерімен байланыстарды терендету мен кеңейтуге өзінің бір күш-жігерін салады.

Көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынастарды дамытудың негізгі бағыты – «көршілермен достық қарым-қатынастарды сақтап, оларға серіктес ретінде қарау», «жақындық, шынайылық, өзара тиімділік және инклюзивтілік» (цин, чэн, хуи, рон) тұжырымдамаларын қамтитын «тату көршілік пен ортақ игілікке қол жеткізу» ұғымын ұстану. Осы саяси ұстанымын білдіретін төрт иероглифтің бай мағыналық палитрасы бар және олардың түсініктемесі ежелгі Қытайдың идеялық мұрасымен ұштасады.

Жақындық (*цинь*) «туыстықты» да білдіреді. Конфуций мәдениетінде ата-анаға деген сүйіспеншіліктің ең жоғары дәрежесі адамзаттың жалпы адамзаттық қасиетінің (*ген*) негізі болды. Бұл жағдайда адам «цин» сезімін барлық адамдарға және бүкіл әлемге тарата алатын. Қытайдың көршілерімен қарым-қатынасында бағдарлама нұсқаулығына «жақындық пен байланыстылықты» енгізу дәстүрлі мәдениеттің ішкі логикасына бағынады. Бұл өз руы мен патшалығының шегінен тыс «цинь» саласының біртіндеп кеңеюін талап етеді.

Қытай дәстүріндегі шынайылық (*чэн*) сенімнен (*синь*) ажырағысыз. Бұл өз кезегінде классикалық конфуцийшілдіктің моральдық тіректерінің біріне айналған. Сыртқы саясатта қолданылған бұл идея көршілермен қарым-қатынаста шынайы көзқарасты қолдануға ұмтылуды көрсетеді. Бұл олардың сеніміне ие болу үмітімен жасалады.

Дәстүрлі мәдениеттегі өзара тиімділік (*хуи*) билеушінің өз халқына «мейірімі» және «ізгі ісінің» синониміне айналды. Ал жұрттың өз тарапынан билеушісіне сенімділігін білдіруі оның моральдық борышы ретінде саналды.

Ежелгі Қытайда инклюзивтілік (*жун*) заттардың әртүрлілігі мен арасындағы айырмашылықтарына қарамастан оларды бірдей құрметтей білу даналығын білдіреді. Бұл идея әртүрлі өркениеттер мен мәдениеттердің құндылығын растайтын қазіргі Қытай саясатына сәйкес келеді [2].

Көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынастың негізгі міндеттері:

– тату көршілік пен достықты сақтауға және қажет болған жағдайда өзара көмек көрсетуге;

– өзара теңдікті ілгерілеу және өзгелерді құрметтеу; жиі кездесулер өткізу; халықтардың көңілінен шығатын нәрселерге назар аудару; көршілес елдердің Қытайға жылы жүзбен қарап, оны қолдауына қол жеткізу, өзара тартымдылықты арттыру;

– көрші елдермен ізгі ниетпен араласу, жаңа достар мен серіктестерді табуға тырысу;

– көрші елдер Қытай дамуынан пайда көріп, ал Қытай көршілес елдердің бірлескен дамуының пайдасын көре алатындай өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыру, «ортақ мүдде желілерін» құру, тараптар мүдделерінің интеграциясын жоғары деңгейге дейін көтеру;

– өзара тиімділік қағидасына сәйкес ынтымақтастықты жүзеге асырып, жақынырақ «ортақ мүдде желілерін» құрып, тараптардың мүдделерінің интеграциясын жоғары деңгейге көтеру, көрші елдер Қытайдың дамуынан көбірек пайда көреді, ал Қытай пайда көреді және көршілес елдердің бірлескен дамуының пайдасын көру;

– көршілес елдермен қарым-қатынаста инклюзивтілікті насихаттау, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы бірлескен дамуды нығайту, аймақтағы ынтымақтастықты ілгерілетуде барынша ашық және белсенді болу;

– салыстырмалы артықшылықтарды тиімді пайдалану, стратегиялық сәйкестік нүктелерін анықтау, соның негізінде көршілес елдермен өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдету, аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа белсенді қатысу;

– ХХІ ғасырдағы Жібек жолы мен Теңіз Жібек жолының экономикалық белдеуін құру үшін өзара тиімді ықпалдасуға мүмкіндік беретін біртұтас инфрақұрылымды жылдам құру үшін барлық мүдделі елдердің күш-жігерін біріктіру;

– қаржы саласындағы өңірлік ынтымақтастықты тұрақты түрде тереңдету, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкіні құруға белсенді түрде дайындалу, аймақтық қаржылық қауіпсіздік жүйесін жақсарту;

– шекаралас аймақтардың сыртқы ашықтығын кеңейту қарқынын жеделдетіп, олардың көршілес елдермен өзара тиімді ынтымақтастығын тереңдету;

– өңірлік қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету; көрші елдерде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылу; өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік және үйлестіру қағидаттарына негізделген қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын ұстану;

– гуманитарлық және мәдени қатынастарды жан-жақты дамыту, туризм, ғылым және білім, көршілес өңірлер арасындағы ынтымақтастық секілді салаларда достық байланыстарды тереңдету;

– Қытай «жұмсақ күшінің» ықпалын кеңейту, сол үшін «қытай арманын көршілес елдер халықтарының жақсы өмірге ұмтылысымен және аймақтық даму перспективаларымен үйлестіру».

Жоғарыда аталған тезистердің көпшілігі жаңалық болмаса да, олардың көршілес елдермен қарым-қатынаста бірінші рет белгіленуі Қытайдың көрші елдермен қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтеруге ұмтылысын көрсетеді. Бұл саясатта жаңадан қойылған келесі екі нәрсе байқалады:

– өзара тиімділікке, ортақ табысқа және ортақ дамуға қол жеткізу қажеттілігін атап көрсетуі;

– жақындық, шынайылық, өзара тиімділік және инклюзивтілік сияқты ұғымдарды атап көрсетуі;

– көршілес елдермен «ортақ тағдыр» және «ортақ мүдде» қоғамдастығын құруға мән беруі;

– Қытай мен көршілес елдер арасындағы дипломатиялық қатынастардың негізгі бағыты ретінде «бейбітшілік дипломатиясының» атап өтілуі;

– жан-жақтылық, әмбебаптық және ынтымақтастық қағидаттарына негізделген қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасының бастамасы;

– ХХІ ғасырдағы Жібек жолы мен Теңіз Жібек жолының экономикалық белдеуін құру бастамасы.

Жоғарыдағы шолу Си Цзиньпин Қытайдың сыртқы саясатын түбегейлі жаңартқанын көрсетеді. «Қытай бейбіт даму жолын жалғастырады» деген негізгі тезис сақталса да, «Қытай өзінің заңды құқықтарынан ешбір жағдайда бас тартпайды, ешбір жағдайда елдің басты мүдделерін құрбандыққа шалмайды» деген өте маңызды толықтыру енгізілді. Бұл Қытайдың «бесінші буын» басшылығы халықаралық істерге белсендірек араласу бағытын ұстанғанын білдіреді. Бұл бағыт «жұмсақ күшке» көбірек көңіл бөлгенімен, қатаңырақ сыртқы саясатқа бағдарланған болды [3].

Қытай дипломатиясында географиялық шектеулер жоқ, ол негізінен көршілес елдермен жұмыс істеуге бағытталған. Сонымен қатар, бұл дипломатияның негізгі шарты көрші елдердің өз

қауіпсіздігінде сенімді болуы, олардың дамуына көмектесу және олармен достық және серіктестік қатынастар орнату. Дәл осы тезисті ҚКП мен ҚХР-ның қазіргі басшылығы жариялап отыр.

«Бесінші буын» басшыларының жаңа сыртқы саяси тезисі келесідей: «Қытай экономикалық дамудағы табыстарын бөлісуге дайын», көрші елдер Қытайдың дамуынан пайда табуы керек, ал Қытай көрші елдермен бірлескен дамудан пайда тауып, олардың қолдауын алуы керек. Осы мақсатқа жету үшін Қытай көршілерімен еркін сауда аймақтарын құруды тездетіп, сауда мен инвестицияны кеңейтуді және аймақтық экономикалық интеграцияның жаңа үлгісін құруды ұсынып отыр. Орталық Азия аймағына осындай үлгі ретінде Жібек жолында экономикалық белдеу құру бастамасы ұсынылып отыр.

Қытай өзін аймақтық қана емес, жаһандық «жауапты держава» ретінде көрсете бастады. Ол халықаралық аренадағы ағымды «ойын ережелерін» өзгертуге мүдделі екенін білдіріп, ережелерге өз көзқарасын білдіруде. Әмбебаптық, жан-жақтылық, өзара әрекеттестік және тұрақтылық қағидаттарына негізделген Қытай қауіпсіздік тұжырымдамасы осы бағыттағы алғашқы қадам ғана. Қытайдың көрші елдерге қатысты (және жалпы әлемге қатысты) мақсаты – «тағдыры ортақ адамзаттың» қалыптасуына ықпал ету [4].

Қазақстан-Қытай қатынастары

Қазақстан Қытайдың аймаққа қызығушылығын өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуының игілігіне пайдаланғаны жөн. Қытаймен ынтымақтастықтың баламасы жоқ. Дегенмен бұл ынтымақтастық өзара тиімді негізде құрылып, аймақ мемлекеттерінің өзін-өзі нығайту мақсатына қызмет етуі керек.

Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасына сәйкес өңірлік және көпжақты дипломатия саласындағы негізгі басымдықтардың бірі Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасы мен Қытай арасындағы екіжақты қарым-қатынастың жаңа кезеңі өз санауын 2013 жылдан бастап алады. Бұл кезде Қытайда Си Цзиньпин билікке келіп, Қазақстанда «Бір белдеу, бір жол» бастамасы (BRI) жарияланған болатын. [5]. Сол жылы 2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық ынтымақтастықты орта және ұзақ мерзімді дамыту бағдарламасы, газды сұйылту зауытын салу және пайдалану туралы келісімі, дипломатиялық өкілдіктер ғимараттарының құрылысына өзара жер учаскелерін беру туралы келісімі қабылданды.

2019 жылы Қ-Ж. Тоқаев Қазақстан Президенті болып сайланды. Ол сол жылы Қытайға мемлекеттік сапармен барып, кең ауқымды келісімдерге қол қойды [6]. Қабылданған келісімдер қатарында: Макаомен визалық талаптардан өзара босату туралы келісім; Азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісім; Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім; Қазақстанға тікелей инвестициялар салуды жүзеге асыратын Қытай-Қазақстан өндірістік қуаттарының ынтымақтастығы қоры кірісінің жекелеген түрлерін салық салудан босату туралы келісім және т.б.

Қытайдың жаһандық ынтымақтастықты дамытуға және Жібек жолы дәстүрлерін жаңғыртуға бағытталған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы оның Қазақстанға қатысты саясатының іргелі векторларының бірі болып табылады. BRI халықаралық қатынастар жүйесіндегі бірегей прецедент болып табылады. Бастама Қытайдың инвестицияларды ұлғайту арқылы «тыс шығу» экономикалық стратегиясының жаңа кезеңі және әлемдік экономикаға қосылуы ретінде қарастырылады. «Ортақ тағдырлар қауымдастығын» құру бастамасының да маңызды зор. Екіжақты ынтымақтастық міндеттерінің қатарында: бірін-бірі толықтыру, сауда қоржынын кеңейту және БББЖ шеңберіндегі табысты көбейту үшін екі елдің экономикалық саясатын үндестіру қажет. ҚХР-мен БББЖ аясында ынтымақтасудың

арқасында Қазақстан дүниежүзілік мұхитқа шығу мүмкіндігіне ие. Қазақстан арқылы өтетін барлық көліктік-логистикалық желілер экономикалық дамудың әлеуетіне ие.

Екіжақты қарым-қатынас түрлі салаларда жүйелі түрде кеңейіп келеді. Экономикалық өзара толықтыру бірлескен жобаларға толықтық береді және ұзақ мерзімді перспективада достық серіктестік құруға сенімді нығайтады. Алдағы жылдарда Корея мен ҚХР ынтымақтастығы жаңа халықаралық контексте дамитын болады, ал пандемия көптеген процестерді жеделдетіп, бұрын басымдық берілмеген салаларды алға шығарды. Қазіргі кезеңде Қазақстан мен Қытайдың алдында пандемиядан кейін ел экономикаларын қалпына келтіру, халықтың әл-ауқатын арттыру және елдерді жан-жақты жаңғырту бойынша жаңа ауқымды міндеттер тұр. Қытай күрделі экономикалық жағдайда өз капиталын инвестициялауды ұсына отырып, Орталық Азиядағы бейресми көшбасшының орнын алуға ұмтылып келеді. Сонымен қатар, сауда-экономикалық қатынастардың дамуына өзара есеп айырысуда ұлттық валюталарды пайдалану ықпал етеді. Қытай сыртқы саясатының сараптамасы ел билігінің аймақтық және жаһандық ауқымдағы қауіп-қатерлерді бірлесіп шешуге дайындығы тұрғысынан Қазақстанға қатысты ниеттерінің шынайылығына күмән келтірмейді. Бейжің тату көршілік пен өзара сенім рухындағы өзі ұсынған доктриналар, тұжырымдамалар мен стратегияларды сақтап келеді. Бұл Қытайдың Қазақстан бағытындағы сыртқы саясатын болжамды әрі тұрақты етеді.

Пандемия кесірінен бетпе-бет дипломатиялық кездесулер ұйымдастыруға қойылған шектеулерден ҚХР жоғары басшылығы шетелдік серіктестермен өз мүдделерін ілгерілету үшін онлайн платформаларды белсенді түрде пайдаланды. Атап айтқанда, 2020 жылғы 16 маусымда алты елдің сыртқы істер министрлерінің басын қосқан Орталық Азия-Қытай диалогы (С+С5) бейнеконференция режимінде өтті. Кездесу барысында Қытай тарапы аймақ елдерінен келетін жоғары сапалы ауыл шаруашылық өнім көлемдерін ұлғайтуға, сондай-ақ IT-технологиялар мен цифрлық экономика салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға қызығушылық танытып, болашақтағы басымдықтарды белгіледі.

Осылайша, 2020 жылдың соңында пандемияның жағымсыз салдарын еңсерген санаулы мемлекеттердің бірі Қытай болғанын ескерсек, дәл Қытаймен ынтымақтастықты одан әрі дамыту тиімдірек көрінеді. Бірақ бұл ынтымақтастық көмірсутектер экспорттау сияқты дәстүрлі салалардан пандемия кезінде өзектілігін арттырған ауыл шаруашылық саласына ығыстырылуы тиіс. Өйткені пандемия кезінде тек азық-түлік дүкендері ғана жұмысын жалғастырып, азық-түлікке онсыз да жоғары сұраныстың артуына ықпал етті. Бұған қоса, аймақ елдерінің ауыл шаруашылық өнімдері экологиялық таза болып саналады және Қытайда жоғары сұранысқа ие [7].

Пандемия кезінде цифрлық даму мәселелерінің өзектілігі артқанда 2020 жылы Қазақстан ҚХР Үкіметінің суперкомпьютерді ұсынуы жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Бұл суперкомпьютер көптеген мәселелерді шешу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға берілді [8]. Пандемия жағдайында цифрлық экономика, интернет пен логистикалық орталықтардың құрылысын жеделдету Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың перспективалы бағыттары ретінде қарастырылуда.

Цифрлық экономикаға келетін болсақ, 2018 жылы оның Қазақстандағы көлемі 578 миллион долларға жетті, ал электрондық коммерция транзакцияларының көлемі 700 миллион доллардан асты, бұл 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 50 пайызға көп және бөлшек сауда көлемінің 3 пайызын құрайды. [9]. Бұл ретте сатып алулар саны 40,5 миллионға дейін өсті, белсенді сатып алушылардың саны 3,2 миллион адамға дейін жетті. Бұл саланы ынталандыру үшін 2019 жылы электронды коммерцияны дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған Жол картасы әзірленді, оның мақсаты – 2025 жылға қарай электрондық коммерцияның үлесін 2,9%-дан 5%-ға дейін арттыру [10]. Сонымен қатар, пандемия кезінде контактісіз сатып алуды ілгерілетуге байланысты 2020 жылдың бірінші жарты жылдығының

қорытындысы бойынша Қазақстандағы электронды коммерцияның үлесі 9,4%-ға жетті. Осыған байланысты бұл мақсатты көрсеткіш 2025 жылға қарай 15%-ға дейін артуы мүмкін [11].

Көптеген елдердегідей, Қазақстанда індеттің салдарын жеңілдету үшін оқу процесі қашықтағы форматқа көшірілді. Тәжірибе көрсеткендей, 2,5 миллионнан астам студентті қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға Қазақстанның өз мүмкіндіктері жеткіліксіз [12]. Әлеуметтік қашықтықты сақтау қажеттілігінен Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді цифрландыруға жоғары басымдық берілген. Сонымен қатар, цифрлық қызметтер адам факторының тәуекелін азайтып, сол арқылы сыбайлас жемқорлықты азайтады, мемлекеттің халыққа қызмет көрсету үрдісінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Қытайда тиісті ғылымды қажет ететін салаларды (жасанды интеллект, биотехнология, медициналық технология және т.б.) дамытуға басымдық беріле отырып, экономиканы қайта форматтау ісі қарқынды жүргізілуде [13]. Бұл ретте «Цифрлық Жібек жолы» жобасының негізін қалаған телекоммуникациялық жабдықты (5G және 6G технологиялары) шығаруға Қытай билігінің мүмкіндігі мен тәжірибесі бар.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қытай белсенділігінің жаңа, көптеген адамдар үшін күтпеген бағытта – ҚКП XVII съезі ұсынған «үйлесімді әлем» идеяларының негізінде жаңа әлемдік қауіпсіздік архитектурасын құрудың және бірлескен дамудың өзіндік тұжырымдамасын әзірлеуді күтуге болады, мұнда үйлесімділік әртүрлі мемлекеттердің мүдделерінің тепе – теңдігін және жаһандық болашақ үшін ұжымдық жауапкершілікті білдіреді. Қытайдың сыртқы саясатының негізінде әлі де болса елдің одан әрі дамуына және әлемдік державаға айналуына қолайлы жағдай жасау міндеті тұр. Көп жағдайда Қытай Қазақстанға дәл осы призма арқылы қарайды. Ол өз саясатын екіжақты байланыстар, бірлескен жобалар, интеграциялық ұйымдар арқылы жүзеге асырады. Қытай өз жобаларын жүзеге асырудың тұрақтылығы үшін аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үдерістеріне белсендірек атсалысып, мемлекетаралық бірлестіктердегі ықпалын күшейтетін болады. Бүгінде ҚХР ШЫҰ мен екіжақты платформалар аясындағы экономикалық және саяси құралдардың барлық кешенін пайдалана отырып, осы бағытта әрекет етуде.

Әдебиет:

1. Жэньминьжибао. Следование концепции «близости, искренности, взаимной выгоды и инклюзивности в дипломатических отношениях с сопредельными странами / В кн. Си Цзиньпин. О государственном управлении. – 2013.– С. 400-406.
2. Титаренко М., Ломанов А. Политические и культурные аспекты стратегии становления Китая как великой державы / Проблемы Дальнего Востока – 2015. – №3. – С. 25-26.
3. Сыроежкин К., Кожирова С. Эволюция внешней политики современного Китая: преэминентность и новация // Центральная Азия и Кавказ – Том 21. Выпуск 1. – 2018. – С. 7-18.
4. Председатель КНР предложил новую модель международных отношений (2015) // URL: http://russian.news.cn/2015-09/29/c_134671129.htm
5. Инициатива «Один пояс и один путь» и перспективы социально-экономического и общественно-политического развития стран Центральной Азии // Сборник материалов международной научной конференции. – Алматы: Научно-исследовательский институт международного и регионального сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета, 2019.

6. Аннет Бор, Биргит Брауэр, Найджел Гулд-Дэвис, Наргис Касенова, Джоанна Лиллис, Кейт Маллинсон, Джеймс Никси и Досым Сатпаев. Казахстан: испытание «транзитом власти» // Доклад Chatham House – Лондон: Королевский Институт Международных Отношений, 2019.

7. Махмудов Р. Центральная Азия: новые тренды и выход из коронакризиса / Central Asian Analytical Network, 2021 // URL: <https://caa-network.org/archives/21056>

8. Академическая политика Казахского национального университета имени Аль-Фараби 2019/2020 / под ред. Г.М. Мутанова – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2019.

9. 578 млн. долларов США составил общий экономический эффект от цифровизации в Казахстане в 2018 году - Profit, 2019 // URL: <https://profit.kz/news/53401/578-mln-dollarov-sostavil-obshchij-ekonomicheskij-effekt-ot-cifrovizacii-v-Kazahstane-v-2018-godu/>

10. Минторговли и интеграции РК усилит меры по защите прав online покупателей // Egemen Qazaqstan, 2019 // URL: <https://www.egemen.kz/article/208413-mintorgovli-i-integratsii-usilit-mery-po-zaschite-prav-online-pokupateley>

11. Объем рынка электронной торговли за I полугодие 2020 года составил 435 млрд тенге // Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан, 2020.

12. Нурбаев Ж., Интернет не приспособлен: будем доверять учителям // Vlast.kz, 2020 // URL: <https://vlast.kz/avtory/38977-internet-ne-prisposoblen-budem-doverat-ucitelam.html>

13. Yan Zi Xiao, Ashmarina T.I. Digital technologies in the agricultural sector of China / Physics and modern technologies in the agricultural sector: Materials of the XI International Youth Conference – Oryol: Printing company Kartush LLC, 2020. – p. 355-360.

References:

1. Zhjen'min'zhibao. Sledovanie koncepcii «blizosti, iskrennosti, vzaimnoj vygody i inkluzivnosti v diplomaticheskikh otnoshenijah s sopredel'nymi stranami [Following the concept of "closeness, sincerity, mutual benefit and inclusiveness in diplomatic relations with neighboring countries] / V kn. Si Czin'pin. O gosudarstvennom upravlenii. – 2013.– 400-406 s. [in Russ.].

2. Titarenko M., Lomanov A. Politicheskie i kul'turnye aspekty strategii stanovlenija Kitaja kak velikoj derzhavy [Political and cultural aspects of the strategy for the emergence of China as a great power / Problems of the Far East] / Problemy Dal'nego Vostoka. – 2015. – №3. – S. 25-26. [in Russ.].

3. Syroezhkin K., Kozhirova S. Jevoljucija vneshnej politiki sovremennogo Kitaja: preemstvennost' i novacija [The evolution of the foreign policy of modern China: continuity and innovation] // Central'naja Azija i Kavkaz. – Tom 21. Vypusk 1. – 2018. – S. 7-18. [in Russ.].

4. Predsedatel' KNR predlozhit novuju model' mezhdunarodnyh otnoshenij [The Chairman of the People's Republic of China proposed a new model of international relations] (2015) // URL: http://russian.news.cn/2015-09/29/c_134671129.htm [Electronic source]

5. Inicijativa «Odin pojas i odin put'» i perspektivy social'no-jekonomicheskogo i obshhestvenno-politicheskogo razvitija stran Central'noj Azii [The “One Belt and One Road” initiative and prospects for the socio-economic and socio-political development of the countries of Central Asia] // Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. – Almaty: Nauchno-issledovatel'skij institut mezhdunarodnogo i regional'nogo sotrudnichestva Kazahstansko-Nemeckogo universiteta, 2019. [in Russ.].

6. Annet Bor, Birgit Brauer, Najdzhel Guld-Djevis, Nargis Kasenova, Dzhoanna Lillis, Kejt Mallinson, Dzhejms Niksi i Dosym Satpaev. Kazahstan: ispytanie «tranzitom vlasti» [Kazakhstan: test of the “transit of power”] // Doklad Chatham House. – London: Korolevskij Institut Mezhdunarodnyh Otnoshenij, 2019.

7. Mahmudov R. Central'naja Azija: novye trendy i vyhod iz koronakrizisa [Central Asia: new trends and way out of the coronavirus crisis] // Central Asian Analytical Network, 2021 // URL: <https://caa-network.org/archives/21056> [Electronic source]

8. Akademicheskaja politika Kazahskogo nacional'nogo universiteta imeni Al'-Farabi 2019/2020 / pod red. G.M. Mutanova [Academic policy of Al-Farabi Kazakh National University 2019/2020 / ed. G.M. Mutanov] – Almaty: KazNU im. al'-Farabi, 2019. [in Russ.].

9. 578 mln. dollarov SShA sostavil obshhij jekonomicheskij jeffekt ot cifrovizacii v Kazahstane v 2018 godu [The total economic effect from digitalization in Kazakhstan in 2018 amounted to 578 million US dollars] Profit, 2019 // URL: <https://profit.kz/news/53401/578-mln-dollarov-sostavil-obschij-ekonomicheskij-effekt-ot-cifrovizacii-v-Kazahstane-v-2018-godu/> [Electronic source].

10. Mintorgovli i integracii RK usilit mery po zashhite prav online pokupatelej [The Ministry of Trade and Integration of the Republic of Kazakhstan will strengthen measures to protect the rights of online buyers] Egemen Qazaqstan, 2019 // URL: <https://www.egemen.kz/article/208413-mintorgovli-i-integratsii-usilit-mery-po-zaschite-prav-online-pokupateley> [Electronic source]

11. Obem rynka jelektronnoj trgovli za I polugodie 2020 goda sostavil 435 mlrd tenge [The volume of the e-commerce market for the first half of 2020 amounted to 435 billion tenge] // Oficial'nyj informacionnyj resurs Prem'er-Ministra Respubliki Kazahstan, 2020.

12. Nurbaev Zh., Internet ne prisposoblen: budem doverjat' uchiteljam [The Internet is not suitable: we will trust teachers] Vlast.kz, 2020 // URL: <https://vlast.kz/avtory/38977-internet-ne-prisposoblen-budem-doverat-ucitelam.html> [Electronic source]

13. Yan Zi Xiao, Ashmarina T.I. Digital technologies in the agricultural sector of China / Physics and modern technologies in the agricultural sector: Materials of the XI International Youth Conference – Oryol: Printing company Kartush LLC, 2020. – p. 355-360.

¹Кожирова С.Б. ²Мукашева А.Д.

¹Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

²Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

E-mail: ^{1,2}sbako@yandex.ru

ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КИТАЯ В ОТНОШЕНИИ СОСЕДНИХ СТРАН

Аннотация. В статье анализируются стратегические цели и позиции Китая с соседними странами, изучаются особенности и передовые принципы внешней политики. Счастливая миссия Китая на международной арене – сохранение мира на земле и поддержка общего развития. Он всегда был сторонником мирной жизни со своими соседями, и это было главным принципом международных отношений его страны. Цель статьи - проанализировать отношения Китая с зарубежными странами и Казахстаном-Китаем по важнейшим направлениям сотрудничества, а также учесть влияние политической и экономической повестки двух стран. В статье говорится, что «Один пояс, один путь» стал поворотным моментом в формировании нынешней структуры межгосударственных отношений между Казахстаном и Китаем. Работа имеет большое практическое значение для исследователей в области китаеведения, международных отношений и политологии. Методика статьи построена следующим образом: проведен литературный обзор научных публикаций по теме исследования. В частности, проводится анализ работ китайских авторов, часто использующих статистические концепции для теоретического обоснования двусторонних отношений, а также англоязычных авторов, оценивающих инициативу «Один пояс, один путь» через критическое понимание геэкономической стратегии Китая. предоставил. В

статье периоды отношений Казахстана и Китая рассматриваются индивидуально, согласно изменениям в структуре политических и экономических отношений.

Ключевые слова: Китайская Республика, дипломатия, новые принципы, Казахстан, инициатива «Один пояс, один путь».

¹Kozhirova S.B. ²Mukasheva A.D.

¹R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

²Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

E-mail: ¹²sbako@yandex.ru

CHINA'S FOREIGN POLICY RELATING TO NEIGHBORING COUNTRIES

Abstract. In the article, the strategic goals and positions of China with neighboring countries are analyzed, the peculiarities and advanced principles of foreign policy are studied. China's happy mission in the international arena is to maintain peace on earth and support general development. He was always a supporter of living in peace with his neighbors, and this was the main principle of his country's international relations. The purpose of the article is to analyze China's relations with foreign countries and Kazakhstan-China in the most important areas of cooperation, as well as taking into account the influence of the political and economic agenda of the two countries. The article states that "One Belt One Road" was a turning point in the formation of the current structure of interstate relations between Kazakhstan and China. The work is of great practical importance for researchers in the field of Chinese Studies, International Relations and Political Science. The methodology of the article is structured as follows: a literature review of scientific publications on the research topic was made. In particular, an analysis of the works of Chinese authors who often use statist concepts to theoretically justify bilateral relations, as well as English-language authors who evaluate the "One Belt One Road" initiative through a critical understanding of China's geo-economic strategy is provided. In the article, the periods of relations between Kazakhstan and China are considered individually, according to the changes in the structure of political and economic relations.

Key words: Republic of China, diplomacy, new principles, Kazakhstan, "One Belt One Road" initiative.

Сведения об авторе:

Кожирова Светлана Басиевна, доктор политических наук, главный научный сотрудник, доцент, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Автор туралы мәлімет:

Кожирова Светлана Басиевна, саясат ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Information about author:

Kozhirova Svetlana Basievna, Doctor of Political Science, Chief Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the KN MNERO RK, Almaty, Kazakhstan.

Автор туралы мәлімет:

Мұқашева Айша Досымқарықызы, PhD, Назарбаев университетінің Жоғары мемлекеттік саясат мектебі, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Мукашева Айша Досымкарыевна, PhD, Высшая школа госполитики Назарбаев университета, Астана, Казахстан.

Information about the author:

Mukasheva Aisha Dossymkaryevna, PhD, Nazarbayev University, Graduate School of Public Policy, Astana, Kazakhstan.